



# Ақмешіт

5 қазан  
сенбі  
№79 (2089)  
2024 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

### МӘСЛИХАТ – МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ МАҢЫЗДЫ ТАРМАҒЫ

Тәуелсіз Қазақстан тұғырына мінгелі ел дамуы талай мемлекеттен көшін ілгері тастап, дамудың даңғылына шыққанымыз анық. Әйткенмен, қоғам бір орнында тұрмайды, алға қадам басады. Ол көшке ілесе білу де өнерге айналды. Ал аялдасаңыз, артыңыздағы алдыңызға шығып, тағы да көш соңына жылыстайсыз. Бұл – заңдылық. Елорда төрінде өткен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының ІІ республикалық форумына қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғам мәселесін шешуде маңызды рөл атқаратын депутаттық мандат иелерінің біліктілік деңгейін арттыру керектігін айтты.

Президент өз сөзінде мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы екенін атап өтіп, 2022 жылы референдум арқылы Конституцияға маңызды өзгерістер енгізілгеніне, соның нәтижесінде Парламенттің рөлі айтарлықтай күшейгеніне, жалпы билік институттарының жұмысын жетілдіру үшін нақты шаралар қабылданғанына назар аударды.

– Онда жергілікті өкілді билікке қатысты мәселелер де бар. Атап айтсақ, облыстық мәслихат сайлауы аралас жүйе арқылы өтеді. Ал аудандық депутаттар тек қана мажоритарлық тәсілмен сайланады. Бұл қадам еліміздің демократиялық жолмен дамуына зор серпін берді деп сеніммен айта аламыз. Аукымды реформаның нәтижесінде саяси бәсеке жандана түсті. Жаңа ережеге сай өткен сайлаудан кейін мәслихаттарға жаңа адамдар келді. Алты саяси партияның өкілдері депутат мандатына ие болды. Қазір мәслихат мүшелерінің онан бірі ғана – партиялық тізімнен келген депутаттар. Қалғаны түгел – бір мандатты округтен сайланған азаматтар. Өзін-өзі ұсынған 434 адам депутат атанды. Ашығын айтсақ, бұрын



саяси партиялар түрлі санаттағы азаматтармен жұмысқа көп көңіл бөлмейтін. Заңмен талап еткеннен кейін ғана мән бере бастады. Мысалы, партиялық тізімде жастарға арнайы квота бөлінді. Бұл шешім олардың қоғамдық-саяси үдеріске араласуына жол ашып берді. Бұрын мәслихаттағы жастардың үлесі 2 пайызға да жетпейтін. Қазір заңнамаға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде бұл көрсеткіш еселеп артты деуге болады. Бүгін де ортамызда көптеген жас

депутат отыр. Олар түрлі мінберден жастарға қатысты өзекті мәселелерді батыл көтеріп жүр. Билікте әйелдердің де қатары көбейе түсті. Елімізде қыз-келіншектердің бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетілуде. Әйелдердің құқығын қорғауға баса назар аударылып жатыр. Осының бәрі реформаның нақты нәтижесі екені сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-БЕТТЕ

Астанада өткен ІІІ ұлттық қайырымдылық конференциясы аясында қайырымдылықты дамытуға елеулі үлес қосқан адамдар мен ұйымдарға «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры тағайындаған арнайы сыйлықтар табысталды. Жиында аймақтың абыройы асқақтап, облыс өңірлер арасында алғашқы болып «Аймақтың игілігі үшін стратегиялық альянс сыйлығымен» марапатталды.

### «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» СЫЙЛЫҒЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



Сыйлық «Қазақстан халқына» деп аталады, яғни қордың атауымен үндеседі. Баршамыз Қазақстанның біртұтас халқы екенімізді көрсетіп, қайырымдылық жасаушылар мен көмек алушылардың бірлігін бейнелейді. Жүрек және бионикалық колмен безендірілген шыны стелла қайырымдылық, инновация және ғылым арасындағы байланысты білдіреді.

Сыр өңірі «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен тығыз әріптестік байланыс орнатқан. Қор аутизм және басқа да ақыл-ой жетіспеушілігі бар балаларға арналған орталықтарды жабықтауға, сенсорлық бөлме орнатуға, орфандық аурулары бар пациенттерді дәрілік заттармен қамтамасыз етуге қолдау көрсетті. Медициналық генетиктер мен ультрадыбыстық диагностика мамандарын шетелде оқыту, шала туған нәрестелерге офтальмологиялық скрининг жасайтын және емдейтін жабықтар алуға мүмкіндік жасады.

Облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» реабилитациялық орталығы ашылып, аса қымбат дәрі-дәрмек алынды. Қор облыстық онкология орталығын республикада 3 облыста ғана бар, құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын скринингке арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті. Жаңақорған ауданында да «Қамқорлық» оналту орталығы ашылып, озық үлгідегі жабықтармен жаракталды. Дәл осындай нысан жыл соңында Арал ауданында да ашылады. Қордың қолдауымен 3,699 млрд теңгеге ауқымды жұмыстар атқарылды.

«Ақмешіт-ақпарат»

### БҮГІН – МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ!



### Ғалым да, шахтер да бас иетін...

Оқу жылының алғашқы айына тәмамдай сала алтын түске боялған күз маусымының ең маңызды мерекелерінің бірі – ұстаздар күні келді. Қазақ «бір әріп үйреткенге қырық жыл сәлем беріп», құрмет төрне көтеретін қасиетімен ерекше. Осы дағдымен ұлағаттыларға деген құрметімізді білдіріп, басылымының арнаулы «Білім» бетін назарларыңызға ұсынып отырмыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының ІІ республикалық форумында сала мамандарының еңбегіне құрмет білдіріп, шәкірттерге қолдау керектігін нықтап айтты.

«Жақында өткен Дүниежүзілік олимпиададағы шахматшы қыздарымыздың жарқын жеңісі үлгі етуге тұрарлық. Біздің оқушылар математикадан, физикадан және басқа да пәндерден өткен олимпиадаларда жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүр. Осындай талантты балаларды қолдап, олардың ұстаздарын ынталандыру керек. Тауда академик Асқар Жұмаділдаев осы тұрасында: «Біздің спортшылар Олимпиадаға барып, қарсыластарын төпелеп ұрып, танауын бұзып келеді. Кейін оларды әуежайда қарақұрым халық қарсы алып құттықтайды, тіпті пәтер мен көлік сыйлап жатады. Ал математика, физика, химия пәндерінен өткен халықаралық олимпиадаларда бірінші орын алған балаларымызға мұндай құрмет көрсетілмейді» деп орынды пікір білдірді», – деді Президент.

Иә, Президент пәрменінің нәтижесінде алдағы уақытта да мұғалім мәртебесі көтеріліп, абыройы асқақтай бермек. Ұстаз алдын көрген әрбір адам мұндай жаналық үшін бәркін аспанға ата қуанатыны хақ. Ендеше, біздің де ұстазға деген құрметіміз төмендемесі анық.

3-БЕТТЕ

Экотакси – жай көлік емес, экологиялық бастама мен технологиялық прогрестің символы. Көміртегі шығарындыларын азайтуға және ауаның ластануын азайтатын электр таксилері бүкіл әлемде танымал. Электр таксилер Қазақстанда салыстырмалы түрде жақында пайда болғанымен, бірақ қазірдің өзінде халықтың сеніміне ие болды. Экотаксидің эксплуатациялық шығындары бензин немесе дизельдік аналогтарынан төмен. Өйткені аккумуляторларды зарядтау үшін электр энергиясының құны әдетте дәстүрлі отынның құнынан төмен.



### ЭКОТАКСИ:

### Қоршаған ортаны қорғаудың жаңа қадамы

Бірер күн бұрын қала күні қарсаңында «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-не су жаңа экотакси табысталды. Қалаішілік көлік қатынасын одан әрі жетілдіру мен қоршаған ортаны ластанудан қорғауға елеулі қадам жасалды. Бұл инновациялық баламалы энергия көліктері ауаның ластануын азайтуға бағытталған. Заманауи, стильді, ең бастысы, экологиялық таза экотаксилер қала тұрғындары арасында тез танымал болуда. Соңғы технологиямен жабдықталған бұл таксилер көміртегі шығарындыларын азайтумен шектелмейді. Электр қозғалтқыштарының арқасында шуды азайтады. Экотаксилер 1,5 сағатта 100 пайыз қуатталады. «Қызылорда автобус паркі» ЖШС директорының айтуынша, қала тұрғындары алдағы уақытта экотакси қызметін пайдалану үшін арнайы қосымша арқылы тапсырыс бере алады.

– Бүгінде қалаішілік бағытта 52 экотакси қызмет көрсетуде. Аталған жұмыстар қызылордалықтар үшін такси қызметін оңтайландыру және қолайлы жағдайлар жасау үшін жасалуда. Бүгінде экотаксилерге тапсырыс беру үшін ұялы қосымша жүйесін іске қосу жұмыстары жүргізілуде. Таксилер тоқ қуатымен жүреді. Бұл артықшылық қалаішілік такси бағасын төмендетуге ықпал етпек, – дейді «Қызылорда автобус паркі» ЖШС директорының уақытша міндетін атқарушы Әбдібақир Маштаев.

4-БЕТТЕ

### АЛҒАШҚЫ ЖАЙЛЫ МЕКТЕП АШЫЛДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы халыққа Жолдауында «Жайлы мектеп» пилоттық жобасын әзірлеу керектігі туралы айтқан еді. Осыған сәйкес қала күні қарсаңында облыс әкімінің қатысуымен ұлттық жоба аясында аймақтың сол жағалауында 900 орындық алғашқы білім ошағы ашылды. Жаңа мектептің ашылуына құқық қорғау органдарының басшылары, халықаралық Қарттар күні қарсаңында аймақ басшысының арнайы шақыртуымен барлық ауданнан келген ардагерлер, зиялы қауым өкілдері мен депутаттар қатысты.

3-БЕТТЕ

### СОЛ ЖАҒАЛАУ: жаңа нысандармен толықты



2-БЕТТЕ



# МӘСЛИХАТ – МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ МАҢЫЗДЫ ТАРМАҒЫ

Президент депутаттардың өкілді билік функциясын халықтың сеніміне сай жоғары деңгейде атқаруына қажет бірнеше мәселеге тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев, ең бірінші кезекте, мәслихат депутаттарының биліктілік деңгейін жоспарлы түрде арттыру керек деп санайды.

– Мәслихаттар – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі институт. Сондықтан оның тиімділігі депутаттардың кәсібилігіне тікелей байланысты. Біліміне білігі сай депутаттар корпусын жасақтауға, ең алдымен, оларды ұсынған партиялар мүдделі болуы керек. Бүгін мәслихат депутаттарының биліктілігін жетілдіру туралы ұсыныс айтылды. Мәслихат депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру үшін бұл бағытқа ерекше назар аудару қажет. Бұған Мемлекеттік басқару академиясын тарту керек. Партиялар өз депутаттарының биліктілігін жетілдіру мақсатында академиямен ынтымақтастық орнатқан жөн. Әрине, бұл жұмысты аймақтың ерекшеліктерін, халық қалаулыларының кәсіби және қоғамдық-саяси тәжірибесін ескере отырып ұйымдастыру қажет. Сонымен бірге депутаттар халықпен тікелей байланыс жасай білуге және өз жұмысы туралы қоғамды жан-жақты хабарлар етуге тиіс. Мойындауымыз керек, бұл істе көзге көрініп тұрған кемшіліктер бар, – деді Президент.

Президент саяси партиялардың қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жобалары мен бастамаларына тоқталып, көктемгі алапат су тасқыны кезінде бекем бірліктің үлгісін көрсеткен партиялардың, өзін-өзі ұсынған депутаттардың азаматтық белсенділігіне оң баға берді.

**Басы 1-бетте**



– Партиялардың жалпыұлттық міндеттерді шешу ісіне жұмыла кірісетіні қуантады. Тоғыз мыңнан астам отбасы су басқан үйлерін жөндеуге және қалпына келтіруге төлем алды, алты мыңға жуық отбасына баспана сатып алуға қаржы бөлінді. Қысқа мерзім ішінде 2,5 мыңнан астам жаңа үй салынды. Жоспарланған

2680 үйдің 2620-сы пайдалануға берілді. Мұның барлығы – мемлекеттің, бизнестің және қоғамның бірлесіп атқарып жатқан жұмысының нәтижесі. Саяси партиялар, мәслихаттар мен қоғамдық ұйымдар дәл осындай мызғымас бірлікте жұмыс істеуі керек. Түптеп келгенде, алдымызда тұрған мақсат – ортақ. Бұл –

елімізді өркендету және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ауыл, аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау жүйесі елімізде жаңа саяси ахуалдың қалыптасуына жол ашқанын атап өтті.

– Жергілікті атқарушы билікке жаңа буын өкілдері көптеп келе бастады. Кәсіпкерлердің, қоғамдағы белсенді азаматтардың, жастардың арасынан шыққан әкімдер аз емес. Қазір олар ел басқару ісін үйреніп, тәжірибе жинап жатыр. Жедел шешім қабылдап, жұмысты дер кезінде ұйымдастыруға бейімделіп келеді. Бұл қыста жылу-энергетика саласында күрделі жағдай болған кезде анық байқалды. Көктемдегі тасқын да кімнің қолынан іс келетінін нақты көрсетті. Шаруаға ширақ әрі елге жанашыр азаматтардың әкім болғаны дұрыс. Оларға жан-жақты қолдау көрсету керек. Әсіресе, мәслихат депутаттары мен әкімдердің бірлесіп жұмыс істегені жөн. Өйткені оларды мемлекеттің жергілікті жердегі қос тірегі деуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, демократия үздіксіз жүретін үдеріс екеніне айрықша назар аударды. Президенттің пікірінше, әлемдегі кез келген табысты демократиялық қоғам айналасына бей-жай қарамайтын азаматтардың арқасында ғана дамиды, өміршен болады.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев келер ұрпаққа қажетті жағдай жасау ортақ парызымыз екеніне назар аударып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтарын қорғау, оларды жан-жақты дамыту мемлекеттік саясаттың ең басты басымдығы болып қала беретінін жеткізді.

Сонымен қатар Президент бақытты балалық шақтың негізгі отбасы институты екеніне тоқталып, ата-аналарды тәрбие мәселесіне салғырт қарамауға шақырды. Әсіресе, ұрпақтың цифрлық дүниелерге тәуелді болуы мен виртуалды әлемге шектен тыс құмартуы нағыз дертке айналып бара жатқанына алаңдаушылық білдіріп, керісінше, оларға ел ішіндегі шынайы қаһармандарды насихаттау қажет екенін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастырудың, заң мен тәртіп үстемдігін орнатудың маңызы жөнінде пікір білдірді.

«Ақмешіт-ақпарат»

## СОЛ ЖАҒАЛАУ: жаңа нысандармен толықты

Қызылордада бір күнде бірнеше әлеуметтік нысан пайдалануға берілді. Өңірдің экономикалық дамуының айқын көрінісі – бұл. Бір күнде 470 тұрғын баспаналы болса, 900 орындық жайлы мектеп ашылып, білім саласына тын серпін болды. Жаңа үлгідегі оқушылар сарайы да оқушыларға есігін айқара ашты. Теннис орталығы да көпшіліктің қуанышын еселеді.

### Қоныстой: 470 отбасы баспаналы болды

Сол жағалаудағы №2 шағын ауданға салынған 470 пәтерлік 10 көпқабатты тұрғын үй өз иелерін тапты. Қала күні мерекесі аясында салтанатты шараға құқық қорғау органдарының басшылары, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері және депутаттар қатысты.

Мерейлі сәтте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа пәтер иелерін қоныстоймен құттықтап, саладағы серпінді бастамаларға тоқталды.

– Мемлекет басшысы жолдауында «Елімізде бірыңғай тұрғын үй саясатын әзірлеу қажет. Негізгі қағидат тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру керек» деген болатын. Биыл мемлекеттік бюджеттен бөлінген 34 млрд 100 млн теңгеге 2,5 мыңнан астам пәтер пайдалануға берілмек. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстарды қарқынды жалғастырамыз. Облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінде оң серпін сақталып, республика бойынша алдыңғы қатарға тұрақтады. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд теңге болса, бүгінде 744 млрд теңгеден асты. Бұл ауқымды қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда. Тұрғындарды электр энергиясымен үздіксіз қамту бағытында 11 млрд теңгеге 38 жоба жүзеге асырылуда. Бұл желілердің тозу деңгейін 66 пайыздан 62 пайызға төмендетті. Қалада инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Осы уақытқа дейін Қызылорданың ең басты коммуналдық проблемасының бірі – көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтамасыз ету болатын. Бүгінде ол оң шешімін тапты. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен алдағы уақытта 625 үйге ыстық су жеткізіледі. Жобаның жалпы құны – 26 млрд 200 млн теңге. Биыл 187 үйге ыстық су берілсе, алдағы жылы 237 үйге қосылады, – деді облыс әкімі.

Соңғы жылдары Қызылордада құрылыс жұмыстары қарқынды. Әсіресе екі жылдың көлемінде ұлттық жобалар аясында 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Ал жыл басталғалы 900-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады. Осылайша тұрғын үй құрылысы 126 пайызға артқан.



### Оқушылар сарайы жаңашылдыққа бастайды

Сол жағалаудан салынған 350 орындық жаңа үлгідегі оқушылар сарайын салуға «Қазгермұнай» компаниясы демеушілік жасады. Жаңа нысанның ашылуына қатысқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өскелең ұрпақтың игілігіне табыстап, құттықтауын жеткізді.

– Бүгінде Қызылорда қарқынды құрылыс алаңына, өркенді өзгерістер өңіріне айналды. Мәселен биыл 187 нысанның құрылысы салынуда. Тек білім саласының өзінде 9 нысан ел игілігіне берілді. «Қазгермұнай» компаниясының демеушілігімен 2 млрд 350 млн теңгеге салынған 350 орындық заманауи үлгідегі оқушылар сарайының салтанатты ашылуына жиналды. Білім, ғылым, мәдениет және өнер саласының дамуы – өркениеттің өлшемі, қоғам дамуының басты көрсеткіші. Өңірде 62 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді. Ондағы үйірмелерге 60 мыңнан астам оқушы қатысады, – деді аймақ басшысы.

Жаңа ғимаратта балалардың бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндіктер жасалған. Көпфункционалды кешенде техноорталық, робототехника және өнеркәсіптік дизайн сыныптары, экологиялық зертхана, жылыжай мен консерватория, телестудия және шығармашылық үйірме сыныптармен қамтылған.

### Теннис орталығы – Сыр спортына жаңа серпін

Қала күні қарсаңында Сыр елінде үстел теннисі орталығы ашылды. Орталықтың ашылуына «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры Гибрат Ауганов, жауапты салалардың, құқық қорғау органдарының басшылары, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала тұрғындарын құттықтап, сала басшыларына ризашылығын жеткізді.

– Ел игілігіне берілген үстел теннисі орталығы Сыр спортына жаңа серпін әкеліп, жеңімпаздарды тәрбиелейді деп сенемін. Қаланың келбетіне көрік қосатын әсем ғимараттардың қатарын толықтырған орталықтың қолданысқа берілуі баршаныңа құтты болсын! Бүгінде облыстың қарқынды дамуына қажетті әлеуметтік нысандардың салынуына зор үлес қосқан «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы директорының мүшесі, басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов және «Самұрық-Қазына Траст» корпоративтік қорының бас директоры Альфия Адиеваға Сыр жұртылығы атынан ризашылығымызды білдіреміз. Сонымен қатар орталықтың құрылысын сапалы жүргізген «Дөңкер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне алғысмыз шексіз. Алдағы уақытта еліміздің көк байрағы дүбірлі додаларда биікте желбіреп, спортшыларымыз жеңіс тұғырынан көрінсін, – деді облыс әкімі.

Үстел теннисі – ақыл-ойды сергітіп, тактикалық стратегияны дамытатын спорттың бірі. Бүгінде спорттың бұл түріне қызығушылар саны артып келеді. Мысалы аймақта 17 мыңнан астам ересектер мен балалар үстел теннисімен тұрақты шұғылданады. Ал ел игілігіне берілген жаңа орталық кешені кәсіби спортшыларды дайындауға мүмкіндік береді. Орталықта 16 үстел теннисі орналасқан ойын алаңы, 350 көрерменге арналған орын мен жаттығу залы, әкімшілік бөлмелер бар. Мұнда 31 қызметкер жұмыс істейді.

«Ақмешіт-ақпарат»

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 3 қазандағы  
№ 415 қаулысы

### ЖЕР УЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҮҚТАЖЫ ҮШІН АЛЫП ҚОЮҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДЫҢ БАСТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысымен бекітілген Қызылорда қаласының бас жоспары, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №01-1/1396 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемшік иесі Жаксымұрат Досмұрат Жаксымұратұлының Қызылорда қаласы, СПМК-70 тұрғын ауданы, Айтмұрат Шаменов көшесі, нөмірсіз мекенжайындағы жеңіл үлгідегі кәсіпкерлік нысан үшін көлемі 60,0 (алты) шаршы метр кадастрлық нөмірі 10-156-093-1048 жер учаскісін қолданыстағы қон қабаты тұрғын үй құрылысы аумағында орналастыру байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталуы.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 5 қантар болып белгіленсін.
3. Мемшік иесі жүзегіні орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43 ғимарат, №13 кабинет болып белгіленсін.
4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскісінің мемшік иесін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.
6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

НАХАТОВ

Постановление акимата города Кызылорда  
№415 от 3 октября 2024 года

### О НАЧАЛЕ ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ОТЧУЖДЕНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ ИЛИ ИНОГО НЕДВИЖИМОГО ИМУЩЕСТВА В СВЯЗИ С ИЗЪЯТИЕМ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА ДЛЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ НУЖД

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и генерального плана города Кызылорда утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан №374 от 6 июня 2019 года, а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел строительства» акимата города Кызылорда №01-1/1396 от 19 декабря 2023 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка кадастровым номером 10-156-093-1048 для государственных нужд у собственника Жаксымұрат Досмұрат Жаксымұратұлы в связи расположением на территории существующего многоэтажного жилого дома, расположенного по адресу: город Кызылорда, жилой район СПМК-70, улица Айтмұрат Шаменова, без номера, площадью 60,0 (шестьдесят) квадратных метров для объектов предпринимательства обремененного типа.
2. Датой принудительного отчуждения определить 5 января 2025 года.
3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазантаев, № 43, кабинет № 13.
4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.
5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственника, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Акима города Кызылорда

НАХАТОВ



# ҒАЛЫМ ДА, ШАХТЕР ДА БАС ИЕТІН...



БІЛІМ АЙНАСЫ



Ол кездері Әбілқайыр хан көшесіндегі оқу ғимаратының сырты еңсені басып тұрардай күңгірт боп көрініп тұратын. Тіпті басқа оқу орындарындағы жолдастар қайда оқытынымызды айтсақ, «Алдында өмірі су ақпайтын субұрқағы бар ма?» деп күлетін. Ал бізге олардың сөзі бәрібір еді... Өйткені, сыртынан қарасаңыз, тым-тырыс қалыпта тұрған сол ғимараттың ішінде небір жаны жайсаң ұстаздар бізге дәріс береді. Олардың әрбір сабағында өмірлік ғибрат алуға болады. Бастысы, ұстаздардың жан дүниесіне терең еніп, табиғатын түсіну керек.



## КУРАТОР

Айналамызды ду күлдіріп, біздің анамыздай болған Асыл Қожабайқызының тәлімін сол ғимараттың ішінде алдық. Әрбірмізді қолдап, тиісінше кейде қаталдық танытты. Қаталдық дейміз-ау, оның қаталдық танытқаны тіпті де есімде жоқ. Жүрегі жұмсақ Асыл апай қанша ұрысып жатса да, артынан күліп жіберетін.

Абитуриент кезім. Қазіргі Абай даңғылының бойындағы бесінші оқу ғимаратында шығармашылық емтихан кірдік. Үлкен оқу залы бұрын-соңды мен көрген мәдениет үйлерінің көрермендер залы тәрізді. Журналистика деген барып

оқисын, газет ашасын, телеарна ашып, өз алдына үлкен ұжым боласын деген түсінікте емтиханға төрт-бес жыл бойы газетке шыққан макалаларымды құшақтап бардым ғой. Кезегімізбен аты-жөніміз арқылы шақыртылып жатырмыз. Қабылдап отырған кісілер жұптасып, үш-төртке бөлінген. Мен белгілі профессор Бағдат Кәрібозұлы мен Асыл Қожабайқызының алдына топ ете қалдым.

– Журналистикаға келудегі мақсатың қандай? – деді Бағдат ағай салмақты кейіппен.

Ал мен ағып жөнелдім. – Ауылдарда талай рухани байлық көмулі жатыр, – деп қоямын ғой қазақ кайраткерлерінің зауыты тәрізді Майқанова, Лапин, Қожықовтар шыққан Қоғалы-көлден екенімді аңғартып. – Сондай құндылықтарды қайта жаңғыртып, ауылдың кенін қазатын, әр қазақтың санасына сәуле шашатын «Ауыл таңы» деген газет ашқым келеді. Тақырып дегеніңіз тұнып тұр. Аласыз да жаза бересіз.

Бағдат ағай менің сөздеріме қарап ойлануға қалды да:

– Асыл-ау, мына балаға өзін бірдеңе демесең, мен ештеңе айта алмаймын, – деді. Асыл апай әдетінше бір кезін куыршақтың көзіндей ғып, бір мәрте қатты да, жарайсыңды айтып, арқамнан қағып шығарып салған. Содан кейін студент атандық қой.

Көңілімнен шәкіртке, Шуақ берген апайым. Юморыммен әр сәтте, Қуат берген апайым.

Иә, Асыл Қожабайқызы сол сәтте алдымда тұрған тоқсан түрлі таңдаудың ішінен тап басып, журналистиканы таңдағаным дұрыс болғанын ұқтырды. Ұстаз атаулыны темірдей тәртіпке жегіп қоятын тұлға ретінде ұғынып қалған менің санама сілкіні берді. Одан бергі уақыт табаны күректей төрт жылды бізге кураторлыққа арнады.

Құдай өзі кен қылып, Бере қойған пейілін. Айналаны таң қылып, Төгетіні – мейірім. Асыл апайдың осыншалықты анадай қамқорлығын күн сайын сезініп жүрдік. Бір күні журналистиканың төрт курсынан 5-6 студент Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өтетін журналистика олимпиадасына баратын болдық. Асыл апай бізге бас-көз болды. Тіпті сондағы бауырларына сәлем беруге барса да, бізді жанынан бір елі қалдырмады. Қ о л ы м ы з д а н ұстап, бала-бақшаға бала апарғандай

Нәзира МУҚАТАЕВА

## АЛҒАШҚЫ ЖАЙЛЫ МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Салтанатты жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала тұрғындарын жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

– Жас ұрпақтың білімі мен оқу-ағарту ісіне барынша көңіл бөлу – мемлекетіміздің ең маңызды міндеті. Бүгін республикалық бюджеттің тікелей қаржыландыруымен, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының үйлестіруімен, 6 млрд 851 млн теңгеге салынған облыстағы алғашқы 900 орындық «Жайлы мектеп» ел игілігіне берілуде. Бұл ғимарат Қызылорда қаласының сол жағалауы тұрғындарының мемлекеттік мектепке деген сұранысына толық жауап береді. Сондай-ақ шәкірттердің барлық пәнді оқып үйренуіне, ұстаздардың шығармашылықпен еңбек етуіне толық мүмкіндік жасалған. Сонымен қатар жоба аясында өңірде 12 мың 300 орынға 21 жайлы мектеп салу жоспарланса, биыл 10 мектеп салынууда. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру арқылы аймағымызда апатты және үш бейнделген мектептің мәселесі толық шешімін табады. Ал, бұл білім ордасының ашылуы аймақ тұрғындарына, балаларымыз бен ұстаздарымызға ерекше қолдау.

Жаңа мектеп салу, апатты мектептер мен үш ауысымдық оқытулы жою – білім саласындағы басым бағыттың ең маңыздысы. Осы білім ошағында ұстаз бен шәкірт, мектеп пен ата-ана байланысы артып, алдығы буынның ізгі жолын жалғаса білімді де талантты, санасы сергек, ойы ұшыр, бәсекеге қабілетті жас ұрпақ тәрбиеленіп шығатынына сеніміміз мол, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ ел болашағы өскелең ұрпақтың заманауи үлгідегі жайлы білім алу ордаларында сапалы білім мен саналы тәрбие алу үшін қолайлы жағдай жасап жатқан президентке аймақ жұртшылығы атынан шексіз ризашылығын жеткізді.

Мұнан соң «Самұрық-Қазына Констракшн» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Мәулен Айманбетов қала тұрғындарын жаңа мектептің ашылуымен құттықтады.

Бүгінде ұлттық жоба аясында салынған 900 орындық мектеп заманауи үлгідегі жабықтармен жабықталған. Яғни атауы айтып тұрғандай, жайлы мектеп оқушылар үшін жайлы болмақ. Себебі, жаңа білім ошағында пәнді кабинеттер, компьютерлік сыныптар мен зертханалар, шеберханалармен қамтылған. Түрлі тағамдар пісіретін аспаздар сыныбы да бар. Мұнда оқушылардың зейінін ашып, оқуға құлшынысын арттыратындығы түрлі мүмкіндіктер жасалған. Тіпті арнайы жеке заттары мен оқулықтарын сақтауға арналған

Басы 1-бетте

шафтар орнатылған. Бұл оқушылардың ауыр сөмкелерін біршама жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жаңа білім ошағының ашылу салтанатында мектептің құрылысын жүргізген мердігер мекеменің қызметкерлері облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, өткен жылы облыс орталығындағы 4 мектептің жанына қосымша ғимарат салынды. Ал биыл 1850 оқушыға арналған 4 мектептің жанына қосымша ғимараттың құрылыс жұмыстары жүреді. Жыл соңына дейін жаңа 12 мектеп және 4 мектептің жанындағы қосымша құрылыс жұмыстары аяқталып, ел игілігіне берілмек. Осылайша бюджет қаржысын үнемдеу арқылы орын тапшылығы, үш ауысымды оқытуға көшуі мүмкін мектептер мәселесі шешілді. Сонымен қатар «Білім беру инфрақұрылымын қолдау» орталығының қаржыландыруымен жаңа оқу жылы қарсаңында Шиели ауданында 100 орынға арналған, Жанакорған ауданында жергілікті бюджет есебінен 150 орындық мектептер пайдалануға берілді. Бұдан бөлек Жаңақорған, Шиели аудандарында 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі, «СаутеОй» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты, шығармашылық-инновациялық орталық, «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика мектеп-интернаты салынууда. Аталған мектеп-интернаты екінші тоқсаннан бастап пайдалануға берілмек.

– Мен сонау 1993 жылы алғашқы компьютермен жұмыс істедім. Алғашқы шәкірттер сол кезде бітірді. Ескі компьютермен тек есеп шығардық. 1999 жылы жаңа бағдарламаға негізделген компьютер берілді. Ол кезде ешкімнің бұл бағытта кәсіби білімі жоқ. Өзім көп ізденіп, тыннан түрлен салғандай жаңа саланы меңгере бастадым. Жаңа функцияны іздеп, оның ерекшелігін меңгере

Камила Иманғалиева өзін әрқес жаңашыл қырынан танытып жүреді. Қатарластарының алды болған алғашқы компьютерді қолданған ол – осы күні Ә.Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицейінің информатика пәнінің мұғалімі. Кәсіби біліктілігімен танылған шебер ұстаз шығармашылыққа жаны құмарлығымен, ізденімпаздығымен ерекшеленіп жүр. Ол өзінің 31 жылдық еңбек өтілінде мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, информатика кабинеті жетекшілігін, информатика пән бірлестігінің жетекшілігін жауапкершілікпен атқарып, құрметке бөленуде.



Ұстаз атты абыройлы қызметті өз деңгейінде алып жүрген асыл жаңа жылы лебіздерін арнайындардың қатары қалып. Әріптестерінің де құрметі ерекше. Мектеп директоры Гүлмира Сүлейменова да оның жай мұғалім емес, ұстаз атына ие болған қадірлі жан екенін айтты.

– Камила Дүйсенбайқызы Тазбөгет кентіндегі алғашқы информатика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, шығармашыл ұстаз ретінде көпшілікке танымал. Оның шығармашылық тұрғыдағы зерттеу жұмыстары халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда таратылып, баспа беттерінде жарияланып, облыстық байқауларда жүлделі орын алып жүр. Алғашқылардың бірі болып электронды оқулық жасап, II облыстық «Білім беруді ақпараттандыру» атты форумының жеңімпазы атанғаны үшін облыстық білім басқармасының және облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Халықаралық ақпараттандыру форумына қатысты. Облыстық «Ең үздік бейнесабақ» атты дәстүрлі емес инновациялық сабақтар байқауында жүлделі II орынды иеленсе, II облыстық «Білім беруді ақпараттандыру» атты форумының жеңімпазы, видеофильмдердің облыстық байқауының I орын иегері деңгейіне жетті. «Ең үздік әдістемелік-дидактикалық құрал – 2022» қалалық байқауының I орын жеңімпазы. Мектеп мәртебесін көтеріп жүрген әріптесімізге құрметіміз ерекше, – дейді мектеп директоры.

## ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ

Камила ұстаздың бірнеше оқу құралдары жарық көрді. Озат тәжірибе ретінде облыс ұстаздарының арасында кең таратылған «Педагогикалық-психологиялық коррекция және кенес беру» электронды оқулығының, «3d Max studio көмегімен объектілерді модельдеу» және «Проекттивті психология» атты оқу құралдарының авторы.

Тәжірибелі ұстаз өз білімін үнемі жетілдіріп, шыңдап отыра-

ды. Оқушыларға робототехника үйрету барысында жүргізіліп жатқан жұмыстардың жемісі шәкірттері үнемі қалалық, облыстық робототехника сайыстарында жүлделі орын алып, ұстазының абыройын асқақтатып жүр.

– Мен сонау 1993 жылы алғашқы компьютермен жұмыс істедім. Алғашқы шәкірттер сол кезде бітірді. Ескі компьютермен тек есеп шығардық. 1999 жылы жаңа бағдарламаға негізделген компьютер берілді. Ол кезде ешкімнің бұл бағытта кәсіби білімі жоқ. Өзім көп ізденіп, тыннан түрлен салғандай жаңа саланы меңгере бастадым. Жаңа функцияны іздеп, оның ерекшелігін меңгере

дегенше де біршама уақыт өтті. «Өрлеу» оқу орталығына да барып, кейбір білмейтін жерімді үйрендім. Балалардың үйренуге қызыққаны сондай мені мектептің терезесінен аңдып отыратын. Балалармен түнгі 12-ге дейін отырған күндеріміз болды. «Жас қазақ» деген мектепшілік газет

компьютер үйреттім. Олар орнына газет жасайтын қағаз берді. Қазір жастар компьютерді жақсы біледі де, бағдарлама жасаудан ақсап жатады. Электрондық оқулық жазып, форумға қатысып, I-орын алдым. Әрі қарай қызығушылығым артты.



те шығардық. Күндіз балалар материал жинайды. Түнімен газет жасап, аздап дайын болатын. Оны тиыңға сатамыз да, шыққан ақшаға қағаз аламыз. Ол кезде «Сырдария» типографиясында газет басылады. Мен ол кісілерге

Тіпті компьютер бұзылып қалса, өзім бағдарламасын енгізіп, жөндеп алатын деңгейге жеттім. Осылайша алған білімді айналама үйреттім. Ең бастысы ынта, төзім, еңбек керек. Еткен еңбегімінің, тоғілген маңдай

терімнің өтемі шәкірттерім жүлделері жарқырап, мені үнемі марақтандырып, шексіз қуанышқа бөлейді, – дейді ұстаз.

Мұғалімнің еңбегі шәкірттерінің жетістігімен өлшенеді. Камила Дүйсенбайқызының шәкірттері Елнұр Рахманберген, Арман Сүгірәлі, Арлан Ағаділов, Айбек Матжанов, Ернұр Жанболат, Аян Әбілбек, Ұлан Құнтуған, Әлібек Шанбай қала мектептері оқушыларының арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізілген республикалық олимпиадалардан әр жылдары жүлделі орынға қол жеткізіп, биіктен көрінді. Сонымен қатар, қалалық «Ақпараттандыру әлеміне саяхат» атты мультимедиялық фестивальде шәкірттері үзбей жүлделі орын иеленіп келеді.

Иә, қалай десек те шәкірттің бойындағы білімге деген қызығушылықты ұстаз оятады, бағыт-бағдар береді, мамандыққа адал болуды үйретеді. Бойына іскерлік пен ұзақ жылғы тәжірибені жиган озат ұстаз бүгінде тек аймаққа емес, республикаға да танымал. Ұстаздардың ұстазы болған білгір маманға біз де сәттілік тіледік.

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ





# ЭКОТАКСИ:

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ

**Жасыл таңдау:**  
электр таксилер дәстүрлі бензин және дизельді таксилерге экологиялық таза баламасы

## Жаңа қадамы

Экотакси – әлемдік тәжірибе

Еліміздегі экология мамандары экотаксиді енгізу қалалық инфрақұрылым мен көлік жүйесінің тұрақты дамуына маңызды кадам бола алатынын атап өтеді. Экотаксидің қоршаған ортаны сақтауда тиімділігі қандай? Осы ретте Қызылорда облысы бойынша экология департаменті зертханалы-талдамалы бақылау бөлімінің басшысы пікіріне жүгіндік.

– Дәстүрлі көліктер бензин, газ немесе дизель отын түрлерімен қозғалғандықтан, атмосфералық ауаға белгілі көлемде ластанғыш заттардың түрлерін бөледі. Бұл өз кезегінде белгілі бір деңгейде ауаның ластануына алып келеді. Ал электр энергиясымен қозғалатын көліктерден ондай ластанғыш заттар бөлінбейді, сондықтан атмосфералық ауаға түсетін салмақ азаяды. Сондықтан электрмен қозғалатын көліктер экологиялық тұрғыдан тиімді, – дейді Қызылорда облысы бойынша экология департаменті зертханалы-талдамалы бақылау бөлімінің басшысы Венера Мустаяпова.

Экологиялық таза, көшесіндегі шудың болмауы электромобильдерді пайдаланудың басқа да белгілі артықшылықтары түсінікті. Демек осы көлік түрлерін қалада енгізу экологиялық жағдайды жақсарту жолындағы маңызды қадам болмақ.

### Эко көлік және жайлылық: жолаушылар үшін электр таксиді пайдаланудың артықшылықтары көп

Экотакси атмосфераны ластанмайтындықтан, экологиялық тұрғыдан өте тиімді. Сонымен қатар, электр тасымалының құны дәстүрлі отынмен жүретін көліктерге қарағанда әлдеқайда төмен. Бұл қалалық ортада қозғалыс кезінде шу мен газ шығарындыларын азайтуға көмектеседі. Электр таксилердің пайдалану шығындары төмен болғандықтан, жолаушылар үшін бағасы қолжетімді. Бұл таксилердің батареяларын қайта зарядтау станциялары көбейіп келе жатқанын ескерсек, олардың қолданысы одан да ыңғайлы бола түседі. Электр таксилердің дизайны да заманауи және ыңғайлы болып келеді, бұл жолаушыларға қосымша ыңғайлылық сезімін береді. Осының барлығы электр таксилердің танымалдылығын арттыра түседі және қала ішіндегі көлік ағынын жақсартады.

– ЭкоТАХІ қызметін пайдалану үшін яндекс қосымшасы арқылы тапсырыс беруге болады және автокөліктің қуатталған қуат көзі 460 шақырымға жетеді. Қала бойынша 10 дана көлікті тоқпен қуаттау құрылғысы орнатылып, оның 4 данасы серіктестіктің аумағында орналасқан, – дейді «Қызылорда автобус паркi» ЖШС директорының уақытша міндетін атқарушысы Әбдібәкір Маштаев.

София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

V дүниежүзілік көшпенділер ойынында көк бөріден еліміздің намысын қорғаған жерлесіміз Нұрлыбек Асқаров күміс жүлдегер атанды. Нұрлыбек Әбдірахманұлы – жастар арасында ҚР чемпионатының 2 дүркін күміс жүлдегері, ҚР чемпионатының қола жүлдегері, қоғам қайраткері Ә.Дауылбаев атындағы халықаралық турнирдің жеңімпазы. III дүниежүзілік көшпенділер ойындарының қола жүлдегері. Көк туымызды талай байрақты бәскеде желбіреткен спортшымен әңгімелестік.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының күміс жүлдегері Нұрлыбек АСҚАРОВ:



## ТЕК ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК ПЕН ТЫНЫМСЫЗ ТАЛПЫНЫС СПОРТТА БИІК ШЫҢДАРҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

– Спортқа қалай келдіңіз? Әрине, ауыл баласының атқа қонатын дағдысы бар. Десек те, сол қазақы қалыпты спортқа айналыруға қандай себеп болды?

– Жанақорған ауданы, Бесарық ауылында туып-өстім. Бала кезім ат үстінде өтті. Бұл спорт түріне әкем мен ағам баулыды. Жанақорғанда көкпар жақсы қалыптасқан. Мектеп бітірісімен құрамаға ілігіп, облыс намысын қорғап жүрдім. Көкпар – жай ғана спорт емес, бұл әр ойыншының күш пен шеберліктің бір толыққанын біріктіретін рух тартысы.

– Спорттағы әрбір қадам жетістікке жетелейді. Өйткені спорттағы әрбір күн сайыс пен доғала толы. Сіздің қандай жетістігіңіз бар?

– Спорттағы жетістіктерім көп. Қызылорда облысының Жанақорған ауданында ұлттық спорт түрлерінен жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионатында алғашқы жеңісім болды. Турнирде аймақ шабандоздары теңге ілу, көкпар, жамбы ату, аударыспақ спорттың қатысып жүлдегер атандым. Менің ең үлкен жетістігім 2019 жылы өткен жастар арасындағы Азия чемпионатында, 2018 жылы, 2022 жылы дүбірлі додаларда топ жарып, күміс медаль иегері атанғаным. Әрбір жеңіс табан ет, маңдай термен келеді. Біздің әрбір жетістігіміз – өмірлік тәжірибе.

– Бәсекеңіз жоғары деңгейіңіз ескеріп, команданың күміске қол жеткізуіне қандай негізгі факторлар әсер етті?

– Алматыда көкпардан өткен үш айлық дайындық қажырлы еңбек пен табандылыққа толы болды. Аттарымыздың шаршағанына қарамай, үш ай бойы тынбай дайындалдық. Жеңіске апару жолын қиын болатынын білдік, бірақ біздің табандылық пен жеңіске деген берік ерік-жігеріміз мызғымас еді. Финалдық кездесуде алтыңға ұмтылған мықты қарсыластармен

кездестік. Бірақ аттарымыз олардың аттарына қарағанда нашарлау болғанымен, мақсатымыз айқын болғандықтан мақсаттан тайқымдық. Біз әр сәтімді өз шеберлігіміз бен өнерімізді көрсету үшін пайдаландық. Біздің команда біртұтас болды, оның әрбір мүшесі жалпы табысқа өз үлесін қосты. Күміс алғанымызбен, бұл – рух пен ерік-жігердің жеңісі. Айта кету керек, қырғыздық бәсекелестеріміздің аттары өте мықты болды, дайындығы бізге қарағанда аз болса да, аттарының мықтылығының арқасында алға сұмырылып, жеңіске жетті. Быыл күміс, бірақ келесі жыл не иеленетімізді кім біледі? Жаттығуды жалғастырып, шеберлігімізді шыңдап, бұдан да биік белестерге ұмтыламыз. Өйткені, өмірдегідей спортта да алға басқан әрбір қадам жана мүмкіндіктер мен жеңістерге жетелейді.

– Қазақ аттың үстінде өскен ел гөй. Ел басына құн тұғанда өздері етігімен су кешсе, аттары ауыздықпен су ішкен. Ердің қанаты саналатын жылқының жалына жармасы екінің бірін қолынан келе бермес іске айналды. Ат спортында қандай қиындықтар кездеседі?

– Спорт тек жеңістер мен жетістіктер ғана емес, сонымен бірге ауыр еңбек, қиындықтардан тұрады. Өкінішке қарай, жарاقات алу қаупі де бар. Ат спорты, кез келген спорт сияқты, белгілі қиындықтарымен ерекшеленеді. Аттар кейде жарыс кезінде алған жаракаттардан зардап шегеді. Қымбат аттар қазанға соғысып, одан әрі өнер көрсетуге жарамсыз боп қалады. Ауыр зақым алатын кездер болды. Шабандоздардың құлау немесе жазатайым оқиға салдарынан мүгедек болып қалғаны да кездеседі. Бұл жолды таңдаған кез келген спортшы тәуекелдерді есте сақтауы және серіктеріне мұқият қарауы керек. Өйткені, спорт тек медаль ғана емес, ол – жауапкершілік, өзара түсіністік пен серіктеске деген құрмет. Дәл

Төрткүл дүние көз тіккен V дүниежүзілік көшпенділер ойындарында белбеу күресінен жерлесіміз Назерке Әбілтаева қола медальға қол жеткізген еді. Назерке Зауытқызы – жасөспірімдер арасында Әлем біріншілігінің жүлдегері, халықаралық және ел біріншіліктерінің жеңімпазы. Спортта жеңіс тұғырынан көрінбей, байрақты бәсекелерде топ жарып жүрген жас спортшымен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Өзіңіз жайлы айтып өтсеңіз, спорттағы жетістіктеріңіз бен спорттық мансабыңызды қалай бастадыңыз?

– Спортпен айналысып жүргеніме – 12 жыл. Спортқа деген қызығушылығым бұғанам қатпай жатып қалыптасты. 4-сыныпта оқып жүргенімде спорт үйірмесі ашылды. Мен алғашқылардың бірі боп жазылдым. Алғашқы ұстазым – Есенов Бағдат Мырзалыұлы. Мені сол алғашқы жылдардан бастап жарысқа алып барды. Сол сәттен бастап-ақ нәтиже көрсете білдім. Аудандық, республикалық жарыстардың жеңімпазы атандым.

– Әрбір қадамның өз себебі бар. Белбеу күресіне қалай қызықтыңыз?

– 9-сыныпта бітірген соң Қызылорда қаласындағы «Орда» жоғары колледжине дене шынықтыру факультеті бойынша оқуға түстім. Колледжде қабырғасында жүріп мен спорттан қол үзбедім. Жаттықтырушылары Жанар, Гауһар, Гүлфайруз апайларымын арқасында әлемдік деңгейдегі жарыстарға шықтық. Дзюдо, казакша

V дүниежүзілік көшпенділер ойындарының қола медаль жүлдегері Назерке ӘБІЛТАЕВА:

## АЛДЫҢА МАҚСАТ ҚОЙДЫҢ БА, ЖЕТУ ҮШІН ЕҢБЕКТЕН



күрес, белбеу күрестерінен спорт шебері атақтарын иелендім. Белбеу күресінің үйренуіме Айбек Сарбасов ағайымның еңбегі зор. Қай жарысқа алар да, бас бөйгені қажығамға байладым. Міне, осындай нәтижеден кейін белбеу күресіне деген қызығушылығым артып, тынымсыз еңбектеніп, байрақты бәсекелерде топ жарып келемін.

– Әрбір спортқа тән өзіндік ерекшелік болады. Белбеу күресінің басқа күрес түрлерінен айырмашылығы неде?

– Белбеу күресінің ерекшелігі – тек арнайы белдіктерімен ұстасып талдеседі. Мәселен самбо күресінде тап беріп ұстап алып, тырп еткізбеу және аяқтан ұстап күресу басты тактикалардың бірі болса, белбеу күресінде тек белдіктен ұстап талдеседі. Белі мықтылардың жарысы десек те болады, не бел

кетеді, не белбеу кетеді. Жарыстың алдында біз әр қалада 2-3 оқу жаттығу жиындарына қатысып, тыңғылықты дайындаламыз. Оқу жаттығу жиындары 2 аптаға дейін созылады.

– Әр спортшының өзінің ерекшелігі, өзінің дағдысы болады ғой. Сіз ойында жеңіске жету үшін қандай стратегия қолданасыз?

– Мен жеңіске жету үшін өзімнің сүйікті әдісім жамбас әдісін оңға және солға кіру арқылы қолданамын. Оң жамбасқа алғанда құламыса, сол жағына кіріп әдісімді шығарамын. Белбеу күресі олимпиадалық емес спорт түрі болғандықтан ол спорт тек Әлем чемпионаты, Азия чемпионаты, Көшпенділер ойындары және ТМД ойындарымен ғана шектеледі. Осы жылдар аралығында көптеген байрақты бәсекелерде өнер көрсеттім. Бірақ осы көшпенділер

осы қасиеттер шабандоздардың да, олардың адал аттарының да денсаулығы мен амандығын сақтай отырып, биіктерге жетуге және қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

– Ат спорты өңірде жақсы дамып келеді. Әсіресе, өзіңіз сөз басында айтқан Жанақорған ауданында бұл бағытта қарқынды қадамдар бар. Алған тәжірибеніңізді ескеріп, ізіннен ерген жас спортшыларға берер кеңесіңіз қандай?

– Спортта жетістікке жету – бұл тек дене күшін ғана емес, иілмейтін ерікті де қажет ететін жол. Тынымсыз жаттығуда өткізген әрбір күн спортшының өзінің мақсатына жақындатады. Рух үзілмеуі керек, сынбау керек, таңдаған жолда күмәндабаңыз және әрқашан таңдаған жолмен жүруіңіз керек. Күн сайын өзіңізді дамытып, жаттығуларға үзбей қатысу керек. Жарыстарда өз қабілетіңізді көрсету – еңбегіңіз бен талпынысыңыздың нәтижесін көрсету деген сөз. Ол тек жарыстарда ғана емес, сонымен қатар



әрбір оқу-жаттығу жиынында болу керек. Өйткені болашақ жетістіктердің негізі осында қаланады. Тек қажырлы еңбек пен тынымсыз талпыныс спортта биік шыңдарға жетелейді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен С.ТЕМІРБОЛАТ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙМІН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Алғашқы 2 рет, сәйкес, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдарды пікір редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескерілгенді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» басып үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сар мезгіл» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: (87242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3498 Тапсырыс №1564

Немірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА